

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ



Әсем киім – әйел көркі - 2011





**Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы және орта Азия мұфтилер
кеңесінің төрағасы, Бас мұфти, шейх
ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ**

ӘСЕМ КИІМ – ӘЙЕЛ КӨРКІ

Адам көркі – шүберек. Бұл талай жылғы тәжірибеден өтіп, әбден екшеліп айтылған тобықтай түйінді сөз. Халқымыз атам заманнан бері осы бір қағиданы берік ұстанып, мың бір сырлы әсем киім үлгілерін жасап киініп келген.

Киім жай ғана бір жапырақ мата емес. Ол белгілі бір ұлттың, мәдениеттің бет бейнесін көрсетіп тұратын ғажайып дүние. Оның эстетикалық, этно-мәдени, қоғамдық мәні де орасан. Сондықтан әр қазақ мақтан тұтатын мол мәдениетіміздің елеулі бір саласына киім кию ғұрыптарымызды жатқызсақ болады.

Шындығында да, әлемдегі озық өнер түрлерін сарапқа салар болсақ, қазақ өнері алдыңғы қатардан көрінері даусыз. Себебі, қазақ дүниетанымы терең, мәдениеті бай, әрбір өнері көрнекті, көрген-түйгені мол үлгілі ұлт. Қазақ өнерінің әрбір туындысы өзгеге ұқсамайтын өзіндік ұлттық нақыштарға толы. Мысалы, кешеге дейін ата-әжелеріміз тұтынып келген киіз үй мен оның ішіндегі сан түрлі бұйым, мүліктер осының айқын айғағы. Кезінде көрнекті этнограф, марқұм Ақселеу Сейдімбек қазақтың дәстүрлі мәдениетінің сөз өнері, қол өнері және музыка өнері деген ірі-ірі үш ұстынын егжей-тегжейлі зерттеп, соның төңірегінде бірталай тұщымды ой-тұжырымдар жасағаны мәлім.

Қазақтың кілемі, киізі, текеметі, алашасы, сандығы, кебезесі, домбырасы, тіпті ең қарапайым қымыз құятын мүйіз ожауына дейін екінің бірі жасай бермейтін бірегей көркем туындылар. Демек қазақтың күнделікті тұтынатын тұрмыстық заттарының ұсағынан ірісіне дейін биік өрелі өнер деңгейінде болғаны анық. Мұның бәрі жоғары рухани мәдениеттің нақты дәлелдері.

Қазақ елі киім жасауда да тарих бетінде өзіндік дара із қалдыра білген. Киімдеріндегі ою-өрнектер, қолданылған материалдардың композициясы, олардың арасындағы керемет үйлесім, түр-түстің ерекше нәзік





сәйкестігі – бәрі де қазақтың шоқтығы биік шеберлігін, шалқар шабытын, табиғатты терең меңгерген даналығын бірден байқатып тұрады.

Қазақ ісмерлерінің қолынан шыққан киімдерден ұлтымыздың дүниетанымдық, философиялық көзқарасы мен дүниені қабылдауы көрінеді. Халқымыздың бүкіл ішкі жан дүниесі, ұстанған діні мен ділі киім үлгілерінен, олардың пішілуінен, тігілуінен, қолданылған әшекейлерден, таңдалған түр-түстен аңғарылады десек әсіре айтқандық емес. Өйткені кез келген киім оны жасап шығарған халықтың ішкі руханиятының материалданған көрінісі екені даусыз. Демек киімдеріміз қандай сұлу болса, жан байлығымыз да соншалықты сұлу болған.

Енді сөзіміз дәлелді болуы үшін қолымыздағы материалдар негізінде қазақ қыз-келіншектерінің ұлттық киім үлгілері жайлы айта кетелік.

Ең бірінші айтылар нәрсе, қазақ халқы еш уақытта бірдей киінбеген. Себебі ұлттық киімдеріміз адамның жасына, жынысына, әлеуметтік тегіне, деңгейіне, дәрежесіне, қызметіне қарай әр түрлі болып тігілген. Сондай-ақ қазақ киімдерінің қыстық, маусымаралық, жаздық деген секілді маусымдық, содан соң сән киімі,



салтанат киімі, ғұрыптық киім (өлім-жітімге, тойға барғанда киетін) т.б. деген сынды түрлері де болған.

Осылайша жер бетін мың түрлі әсем гүлдер қалай құлпытса, сан түрлі киімдеріміз де қазақ даласына өзінше сән беріп келген. Кейін келе-келе, өкінішке орай социалистік қоғам құру үшін жұрттың бәрі бірдей киінсін, бірдей жұмыс істесін, бірдей өмір сүрсін деген саясатты бастан кешіп, орыс та, неміс те, қазақ та фабрикадан шыққан бірдей киім киюге көштік. Одан бөлек ұлттық киімдерді қасақана жоюға, халық санасынан өшіруге бағытталған арнайы үдерістердің болғаны да қазір жасырын емес. Мысалы, белгілі этнолог Нұрсан Әлімбаидың пікірінше, «1928 жылы «ескінің көзі» ретінде мәпелеп сақталынып келген нелер бір киімнің асыл түрлері «қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің артта қалған, қараңғы кезеңінің» ескерткіштері мен символдары ретінде аяусыз жойылғаны» тарихи шындық [1, 8]. Осылайша даланың гүліндей құлпырған ұлттық киімдеріміз қолданыстан қала берді.

Сондай-ақ қазақ халқының қыз-келіншектерге арналған бүкіл киімдерінің бәріне ортақ бір ерекшелігі бар. Ол адамның дене бітімін қымтап жауып тұратындығында. Бұл жағынан алғанда, қазақ киімдерінің көпшілігі қасиетті дініміздің талаптарына сай келеді деуге толық негіз бар. Қолымыздағы материалдар дәл осындай қорытынды жасауға мүмкіндік береді

Табиғат төсінде еркін ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз күні кешеге дейін өзінің әдет-ғұрпымен, дүниетанымымен сабақтасқан төл киімдерін киіп келген. Тамыры тереңде жатқан ұлттық сән өнерімізде сәукеленің шарифатқа толық сай келетін небір түрлері болды. Кимешектің де жас ерекшеліктері мен аймақтық-өңірлік ерекшеліктерге қарай сан түрі тігіліп, әсем ою-өрнектермен безендіріліп киілген. Әсіресе, әйелзатына арналған дәстүрлі бас киімнің әлем жаратылысындағы себеп-салдарлық жүйемен сабақтасып жатқан қырлары мен сырлары мол түрлері көп болған. Мәселен, сәукеле, бөрік, кимешек, қарқара, жаулық, күндік, желек, шәлі, қасаба, шылауыш, т.б. бас киімдерді атауға болады. Бұлардың өзі бүрмелі кимешек, орама кимешек, бұрама жаулық деген секілді түрлерге жіктелген. Оны дәлелдейтін этнографиялық дүниелер өте көп.

Демек, қазақ ғұрпында әйел кісі бас киімсіз, жалаңбас жүрмеген. Сондықтан болар, әйел затын ардақтаған кезде «ақ жаулықты ана ғой» деп әспеттеп, дәріптейміз. Қыздарымызды еркелеткенде, «үкілеп өсіріп отырған қызымыз» дейміз. Бұл кәмелетке толмаған балғын қыздардың өзіне қазақ халқы үкілі тақия кигізгенінің тілдегі бір көрінісі. Киімнің ең әдемісін халқымыз



**Сондықтан бо-
лар, әйел затын
ардақтаған кезде «ақ
жаулықты ана ғой» деп
әспеттеп, дәріптейміз.
Қыздарымызды ерке-
леткенде, «үкілеп өсіріп
отырған қызымыз»
дейміз.**





қызына кигізген, әшекейдің ең асылын қызына тағуға тырысқан. Жас қыздар бүрмелі ұзын етекте көйлек, жібек бешпент, барқыт камзол киген. Асыл тастармен моншақталған сәукелені де қыз бала өз үйінде киген. Күйеуінің аулына жеткен соң, басына жаулық салған.

Әр нәрсенің жөні мен көзін тауып жасаған халқымыз ұзатылатын қызды да үлде мен бүлдеге орап, қадірлеп ұзатқан. Сәукеленің небір көрікті түрлерін қалыңдық киген. Мысалы, 1915 жылдың өзінде орыстың Гр. Андреев деген зерттеушісі Ұзатылар қыздың желбіршекті жібек көйлек, барқыт камзол, жібек көк бешпент киіп, оның сыртынан парша шапан жамылғанын тәптіштеп жазған болатын [2, 11].

Тұрмысқа шыққан қыздардың киіну үлгісі де ерекше. Олар алғашқы жылы сәукеле тақса, күнделікті өмірде желек киген. Ал бірнеше балалы болған кезде кимешек киіп, оның үстінен шылауыш тартқан. Қысқасын айтқанда, қазақта әйел киімдерін қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деп төрт топқа жіктеп тіккенін көреміз [2, 12]. Бұл да қазақ қыз-келіншектерінің өз денелерін барынша қымтап киінгенін көрсетеді. Демек ата-бабаларымыз әйелзатына арналған киімдерді жасауда дініміздің талаптарын басты негізге алған. Дене бітімді жауып тұратын киім адамның құнын арттыратынын ата-бабаларымыз жақсы білген. Қыз баланы сұғанақ көздердің сұғынан түрлі киімдер арқылы, әшекей бұйымдар арқылы сақтауға болатынын терең ұғынған.

Иә, шындығында да, қазақ киімдеріндегі сан түрлі асыл тастар адамның көзін тартып тұратыны рас. Адамның назарынан биоэнергия бөлінетінін бүгінгі ғылым ашып үлгерген. Егер киім жарасымды әшекей заттармен көмкеріліп тұрса, онда қараған сұқ көз қыз баланың өзіне емес, әлгі тастарға түседі. Ал киім дұрыс қымталмай, әр жерінен ағза мүшелері жалтырап көрініп тұрса, онда сұқ көз адамды ауруға шалдықтыруы әбден ықтимал. Сондай-ақ ашық-шашық, тым тар немесе тәні көрініп тұратындай жұқа киім киген қыздар ер адамдардың нәпсісін қоздырады да сөзсіз. Сондықтан ата-бабамыз еш нәрсені тектен тек жасамаған. Қазіргі заманауи ғылымның жетістіктері енді ғана ашып отырған осындай мәселелерді дана халқымыз ескеріп отырғаны ғажап емес пе?

Бүгінде қазақтың көзқарасы, дүниетанымы көз алдымызда қатты өзгеріп барады. Мысалы, қазір бөксесі мен омырауын көрсетіп, қысқа етек-жең киіп, ашық-шашық жүргендерге біз реніш көзімен қарамайтын болғанбыз. Қоғамның еті оған әбден үйренген. Тіпті бұлай киінуді мәдениеттіліктің нышаны секілді көретін болдық. Алай-



да қыз балалардың шарифаттан шалыс, әдет-ғұрыптан қалыс кетуінен бүгін біздің қоғамымызда көптеген күрделі мәселелер туындап отырғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Мәселен, жеңіл киінудің аяғы жеңіл жүріске ұласып, нәтижесінде қаншама қыздар қолдан түсік жасатуда. Қазақстандағы қолдан түсік жасатудың ресми түрде тіркелген саны жылына 200 мыңнан асып жығылады. Ал, ресми емес түрде бұл іске баратындар саны бұдан бірнеше есе көп. Бұл біздің жүз мыңдаған қара көздеріміз қолдан өлтіріліп жатыр дегенді білдіреді. Сол түсік жасатқан қыздарымыз енді қайтадан дүниеге бала әкеле ала ма, әкелсе де дені сау сәби таба ала ма? Белгісіз. Тұрмысқа шықпай жатып, дүниеге жетім бала әкелу, келіннің ақ босағаны пәк аттамауы, әкесіз балалар көбейіп, жетімханалардың толуы – бәрі де көбінесе осы ашық-шашық киінудің нәтижесі. Көптеген отбасылардың шайқалып, үйленгендердің ажырасуына да мұның қатысы жоқ дей алмаймыз. Әрине, ажырасудың көптеген себептері бар. Бірақ жоғарыда аталғандар (босағаны пәк аттамау, құрсақ көтермеу, қолдан түсік жасату, т.б.) оның негізгі себептері. Бір ғана статистикалық мәлімет келтіре кетейін. 2010 жылы Қазақстанда 146 443 отбасы құрылып, 41617 жұп ажырасқан. Демек көтерілген әрбір үш шаңырақтың біреуі ажырасумен аяқталған. Бұл – біздің болашағымызға шабылған балта емес пе? Міне, бұлар ащы да болса айналамызда болып жатқан ақиқат. Түйінді мәселені тағы бір мәселемен шешкіміз келеді. Бүгін түсік тастатады, ертең бала көтере алмайды. Сөйтіп «құрсақ ана» дегенді шығарып алдық. Жартылай жалаңаш киімдермен қыстыгүні өздерінің жатырларына суық тигізіп алғаннан кейін «Жасанды жүктілік орталықтарының» есігін тоздырып жүрген әйелдер қаншама?! Бір түйінді мәселені келесі бірімен шешуге тырысқанмен, ол бірақ шешілмейді.

Тарихымызға үңілсек, қазақ қыз бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамаған. Қазақ қашан да қыз баланы аялы алақанына салып, мәпелеп еркелетіп, көзінің ағы мен қарасындай қарап, тәнін сау, жанын таза етіп өсіруге тырысқан. Жақсы көрумен бірге өсіп келе жатқан нәзік жандардың тәрбие-тәліміне де немқұрайлы қарамай, қатаң талаптар қоя білген елміз. «Қыз өссе елдің көркі» деп бойжеткендерді тек бір отбасының ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышына, абыройына, тіпті ар-намысына балап келгенбіз. Қыз баланың жүріс-тұрысына, сөзіне, жиған жүгіне, киген киіміне құйған шайына қарап, ата-бабамыз оның қандай отбасынан шыққанына, қандай ананың тәрбиесінен өткендігіне баға беретін болған. Ал ұятқа қалдырар оғаш қылық жасап қойған қыздарды бүкіл жұрт болып тыюға тырысқан. «Қызға қырық үйден тыю» деген дәстүріміз баршаға ортақ әлеуметтік қағида





**Осы тұста басын ашып
кететін бір мәселе,
қап-қара түсті ма-
тадан тігілген және
тек көзді ғана ашық
қалдыратын ниқап кию
шариғатымызда парыз
емес.**



болған. Әжелер, аналар және жеңгелер жас өспірім қыз баламен оңаша сұхбаттасып, «ұмытшақ болма, ұрысқақ болма, әдепсіз болма» деп тал бойынан тарыдай мін табылмайтындай етіп, арнайы тәрбие беріп, үлкен өмірге даярлап келген. Қыз баланың иба-инабаты, өзгеге ілтипаты, сыртқы бітім-келбеті, киім-кешегі, мінезі, отырысы, жүрісі, тіпті әрбір аяқ басқаны – бәрі назардан тыс қалмаған. Қыз бала өзін дұрыс ұстамаса, қоғамда көптеген түйінді мәселелердің туындауына себеп болып қалатынын да қыздардың құлағына жастайынан сіңіріп отырған ел едік. Ал енді бүгін, өкінішке орай, керісінше ұятқа, ар-намысына, иманына берік болып, өз денесін бөгде еркектерге көрсетпей, қымтап киінген қыздарға үрке қарайтын дәрежеге жеттік.

Ақиқатына келгенде, адам баласының табиғаты, әсіресе, әйелзатының жаратылысы әу бастан ұят пен әдепке құрылған. Сонау Адам атамыз бен Хауа анамыздың дәуірінде де денені жауып киіну дәстүрі болған. Қасиетті Құран кәрімде мұны дәлелдейтін анық аяттар бар. Сондай-ақ адам баласы анасынан жалаңаш туылып, кейін саналы түрде өз денесін жауып жүруге бейім жаратылыс. Демек ашылған ұятты жерлерді жабу табиғатымызда бар. Сондықтан киім киюдің эстетикалық, ғұрыптық, этнопәлсапалық қызметтерінен бұрын жаратылыспен астасқан діни талап екендігі шүбәсіз. Алайда бүгінде әр адам өзінің өмірлік ұстанымдарына, дүниетанымына, наным-сеніміне, білім деңгейі мен қызметіне, заман талабына сай әр түрлі киінеді. Біреулер киімді сәттіліктің серігі санап, барынша сәнді киінуге тырысады. Енді біреулер өзінің сұлу дене бітімін жұртқа көрсетіп тұратындай ашық-шашық киім кигенді ұнатады. Тағы бірі киінуді өнерге балайды. Қысқасы, киім киюге қатысты ой-пікірлер мен ұстанымдар жетерлік. Алайда бұлардың бәрінен де бөлек бір көзқарас бар. Ол – Алла тағаланың бұйырғанындай етіп киіну. Расын айтқанда, адамға намаз оқу, ораза ұстау қандай бұйрық болса, Құранның талабына сай киіну де дәл сондай бұйрық. Ендеше дінді ұстанған адамның оның талабы бойынша киінуі заңды. Бүгінде жаһанның төрт бұрышында қаншама ұлттар мен ұлыстар мұсылмандықты ұстанып, шариғат бойынша киінуде. Демек киім киюдің сеніммен, иманмен астасқан жағы да бар. Мұны ұмытуға болмайды.

Шариғат бойынша киіну арғы жақ, бергі жақтан келген бір ағымның жолы емес. Қасиетті Құранда анық айтылған бұйрық. Қазақ халқы сан ғасырдан бері ұстанып келген Ханафи мәзһабында да осылай. Осы тұста басын ашып кететін бір мәселе, қап-қара түсті матадан тігілген және тек көзді ғана ашық қалдыратын ниқап кию шариғатымызда парыз емес. Қандай түсті

қаласа да, қандай сән үлгісін тандаса да, киіміне нендей нақыштар мен ою-өрнектер саламын десе де, мұсылман қыз-келіншектердің өз еркінде. Тек шариғат талаптарынан шалыс кетпесе болғаны.

Ата бабаларымыз осы талапты орындау үшін өз мәдениетіне, әдет-ғұрпына, діліне сай етіп әлгінде айтылғандай небір әсем киім үлгілерін жасап шығарған. Олардың шариғат қағидаларына қайшы келмеуін басты назарда ұстаған.

Құранда парыз етілген киім үлгісі «қара, жасыл түсті болсын», деген секілді нақты әрі қатаң форма көрсетілмеген. Олай болса, әйел баласы өзінің дене бітімін қатты кескіндемейтіндей кең, денесін көрсететіндей жұқа емес және жүзі, екі қолы, тобықтың төменгі жағынан тыс басқа барлық жерлерін жабатындай кез-келген киім үлгісін таңдап киюіне болады. Демек әйел кісінің Құран өлшемдерінен шықпау шартымен сәнді әрі өзіне жарасымды, эстетикаға сай киім киюіне еркі бар. Олай болса, бүгінде заман талабы мен ұлттық түсінігімізге сай мұсылманша киім үлгілерін тігуге неге болмасын?

Бүгінде еліміздегі көптеген мұсылман қыз-келіншектер Алла тағаланың өздеріне жүктеген міндетін орындағысы келеді. Бірақ олардың талаптарын қанағаттандыратындай үлгіде тігілген қазақы әсем киімдер жоқтың қасы. Ұлттық киімдерді қазір мұражайлардан, сахнадан немесе наурыз тойларда ғана көретін болдық. Шарттары мен талаптары өзгерген мына қарбалас күнделікті өмірде киіп жүргенге де ыңғайсыз болуы мүмкін. Сөйтіп тығырыққа тірелген қара көз қыздарымыз амалсыз Арабстан немесе Түркиядан келген киім үлгілері мен орамалдарды киюге мәжбүр. Ендеше, қыздарға арабтың, түріктің немесе парсының киімін киіп алдың деп мін тағу дұрыс емес. Олардың жағдайын қарастырып, шариғатқа сай келетін мың түрлі қазақы, заманауи әсем киімдерді тіктіруіміз қажет-ақ.

Енді не істеу керек? Біздіңше, бұдан шығатын жол – қыз-келіншектерге шариғатқа да сай, ұлттық санамызға да жат емес, әрі күнделікті киіп жүруге ыңғайлы заманауи талғамға сәйкес киім үлгілерін жасап ұсыну. Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ісмер қыздарымыздың шеберліктері арқылы осы мәселені шешу үшін бәйге жариялады. Байқауға дизайнерлер, кейбір танымал сән үйлері қатысты. Көрікті де, келісті киім үлгілері келіп түсті. Шариғатымызға да, заманымызға да сай, әрі қазақылығымызды жаңғыртатын, киіп жүруге ыңғайлы тамаша киім үлгілері келді. Байқаудың талаптары да қатаң болды. Сондықтан байқау қоржынына түскенмен, шарттарға сай келмейтін кейбір киім үлгілері сарапшылардың тезінен өте алмай





**Мұндай киімдерді
тіктіру арқылы тек
мұсылманылыққа
бет бұрған қыздардың
мәселелері шешіліп қана
қоймайды. Сонымен
бірге қазақылығымызды
насихаттауға, нығайтуға
үлкен мүмкіндік бола-
ды. Бұл арқылы ең әуелі
біз қыздарымызды қазір
жаһанды жайлап жатқан
жалаңаштану саясатынан
сақтап қаламыз.**



қалғанын да жасыра алмаймыз. Ең бастысы, бәрінің де ниет білдіріп қатысқандарына мың алғыс.

Әрине, біз осы байқау арқылы мәселені толық шешіп тастай алмайтынымыз ақиқат. Бірақ осы секілді байқаулар жыл сайын өтер болса, кәсіпкерлер қолдау жасап, оны өздерінің кәсібі ретінде қарайтын болса, бұл мәселе түбегейлі шешілуі де мүмкін.

Мұндай киімдерді тіктіру арқылы тек мұсылманшылыққа бет бұрған қыздардың мәселелері шешіліп қана қоймайды. Сонымен бірге қазақылығымызды насихаттауға, нығайтуға үлкен мүмкіндік болады. Бұл арқылы ең әуелі біз қыздарымызды қазір жаһанды жайлап жатқан жалаңаштану саясатынан сақтап қаламыз.

Қазіргі ашық-шашық киімдердің бәрі жойқын жаһанданудың салдары. Жаһандануға ақылмен енбесек, сонша ғасырлық мол мәдениетімізден әп-сәтте айырылып, қазақ деген халықты тек тарих беттерінен ғана іздейтін халге ұшырауымыз ғажап емес. Ұлттығымызды сақтап қалудың бір жолы ұлттық киімдерімізді кеңінен насихаттау. Тек насихаттау емес, оны күнделікті өмірде киіп жүру.

Жинақтай келе айтарымыз, қазақ Ислам дінінің талаптарын өміріне тірек етіп келген парасатты мұсылман халық. Сондықтан Алланың бұйрықтарына да немқұрайлы қараған деу де қисынсыз. Қыз-келіншектерге арнап жасаған киімдерінен де осыны байқаймыз. Діни басқарманың қолға алып отырған ісі кешегі жоғалтқан құндылықтарды қайта жандандырудың, мұсылмандық парызымызды орындаудың әрекеті. Осы шара арқылы иманын ойлаған аяулы қара көздердің киім жайлы мәселелерін шешуге үлес қосқан болсақ, мақсатымыздың орындалғаны. Байқауды өткізуге ат салысқан демеушілерге, қатысқан сәнгерлердің баршасына Алла разы болсын! Кәсіптеріне, өнерлеріне Алла береке берсін!

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұражайының этнографиялық коллекциясы (серия) Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі // иллюстрацияланған ғылыми каталог // Алматы: Өнер, 2009., 1-т. – 344 б. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі – Нұрсан Әлімбаев;
2. Қазақ халқының ұлттық киімдері / Құрастырған Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы, Алматыкітап, 2011. – 384 б.










Бабақұмар ХИНАЯТ
ҚР Мемлекеттік орталық
мұражайының жетекші зерттеушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ



Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Өткен ғасырлардың өзінде-ақ киіміне қарап адамның ұлтын ғана емес, сонымен қатар оның қандай дінді ұстанатындығын, қала адамын ауыл тұрғынынан, бойжеткенді жас келіншектен айыруға болатын еді. Сонда біздің ата-бабаларымыз, соның ішінде әйелзаты қалай киінген? Мұндайда тарихи деректер, саяхатшылар жазбалары, көне сызба-суреттер сыр шертеді.

Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері сақталған. Олар пайдалану, қолдану ерекшеліктеріне байланысты күнделікті және сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусымдық және жаздық киімдер болып бөлінеді. Қазақтың ұлттық киімдерін жас пен жыныс ерекшелігіне қарай: *сәби, бала кездегі киімдер, жігіт, қыз боз бала дәуірінің киімдері, орта жас, сар кідір кезеңдегі киімдері* деген сияқты түрлерге жіктеуге болатындай. Сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай - *жұмыс киімдері, бір киер сәндік киімдер, үй киімдері, іш киімдер, сырт киімдер, аңшы, малшы, басшы, жауынгер киімдері* деп те бөлінеді. Жыл мезгіліндегі тұтынысына қарай *жаздық, қыстық, күз-жазғытұрымғы (демисезондық) киім* деп ажыратылады. Адамның дене мүшелеріне сәйкес бас киім, ұлы дене киім, аяқ киім деп жіктеледі.




Сондай-ақ қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша әр рудың, әр қоғамдық жіктің, кәсіп иелерінің киім киюінің өзіндік ерекшеліктері сан алуан. Мысалы: сал-серілердің, қожа-молдалардың, байлар мен билердің, бақсы-балгерлердің, кедей шаруалардың, аңшы-саятшылардың т.б. киімдері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Осындай ерекшеліктерді бас киім кию дәстүрінен де байқауға болады.

Киім тақырыбына қалам тартқан этнограф С.Қасиманов қазақтың киімін сипатына қарай *іштік, сырттық, сулық, бір киер, сәндік* және кейбірінде *салтанат* ғұрып киімі деп бөледі. *Бір киер* киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, өзге елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдердің ең жақсы көрнектісін киген. *Іштік киімдері* - көйлек, дамбал, желтке, қамзол, кәзекей, *сырттық киімдерге*— шапан, күпі, кеудеше, тон, шидем, *сулық киімдерге*— шекпен, қаптал шапан, кебенек, кенеп, сырттық жатады.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің көшпелі тұрмыспен құбылмалы ауа райына бейімделе дамуына көрші халықтармен арадағы мәдени-экономикалық байланыс, шаруашылық-мәдени тип, тіршілік қамы мәдениеті әсер еткендігі сөзсіз.

Жас қыздар бүрмелі етектегі көйлек, бешпет, камзол, қынама бел киімдер киеді. Бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар кәмшат бөрік киеді, сәндеп өрнектеген ақ шыт тартады.





Тұрмысқа шыққан қыздар алғашқы жылы сәукеле, күнделікті өмірде желек киеді де, балалы болған соң сәукелесін тастап, шылауыш орамал жамылады. Жас келін деп үлкен кісілерді көрген кезде бетін желегімен көлегейлеп жүреді, бұл иба көрсеткені. Әлеуметтік мәртебесі бекіп, бірнеше балалы болған соң кимешек шылауыш киеді. Кимешекті қызыл жіппен шым кестелеп кесе күйеуі барлығын, ал ақ жіппен жай ғана су тартып кесе жесір әйел екендігін көрсетеді. Шылауышты кимешектің үстінен тартады. Әйелдер тері бұлғары мәсі-кебіс, қыста қозы елтірісінен ішік киеді. Елтірі ішік ақ, қара, күрең болады.

Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім ортақ түрлері: *көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты* заттар. Әшекей, ажар жағынан қыз бен келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деп төрт топқа арналып тігіледі.



ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАС КИІМДЕРІ

Әйелдердің бас киімдері:

- сәукеле
- бөрік
- қарқара
- кимешек
- жаулық
- күндік
- желек
- шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар)
- бүркеніш
- бергек
- қасаба
- тақия
- шылауыш
- жаулық

Қыздардың **тақиясы** қызыл, күлгін, жасыл, тағы басқа бір түсті шұға, барқыт, мауыты сияқты кездемелерден өңді маталардан қабатталып сырылып тігіледі. Тақия төбесі, әлбетте, төрт сай немесе дөңгелек келеді. «Таңдай», «ирек», «қабырға» тігістермен сырылып, жібек, алтын, күміс, зер жіптермен кестеленіп, моншақ асыл тастармен безендіріледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендіріледі. Үкінің үлпілдек қауырсынын әсемдік үшін тақияның төбесіне қадайды. Үкілі қадалған тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі болған. Қыздардың киетін тақиялары жібек, зер жіптермен тігіліп, Маңғыстауда “телпек”, шығыс Қазақстанда “кепеш” деп аталады.

Қасаба – тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау келген, дөңгелек тақияға ұқсас етіп пішіледі де, артқы жағына немесе желкесіне қарай бірте-бірте ойыңқы түскен құламасы болады, ұшы әйелдің арқасына қарай төгіліп жатады. Айдыны зерлі жіптермен кестеленіп, қиылысқан жерін алтын жолақпен жауып, зерлі әшекеймен безендіреді. Құламасына шашақтар тағылады. Шашақтың көп тағылуын “ұрпағы көбейсін” деген игі тілекпен түсіндіруге болады. Қасабаның маңдай тұсына түрлі асыл тастармен тізілген дөңгелек табақшалармен бекітілген қыстырма ілінген. Ал самай тұсына ұзынырақ күміс қоңыраушалармен ұшталған 5-6 тізбек салпыншақ қыстырған. Көне түркі (қыпшақ) бас киімнің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасаба атауы «алтын зерлі» деген мағына береді дейді этнограф Ө.Жәнібеков. Қасаба көбіне төре, сұлтандардың қыздары киетін бас киім саналған.

Қазақта сирек те болса кездесетін бас киімінің ерекше түрі - қарқара. Ш.Уәлиханов еңбегінде: «Қыздардың





Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық болады. Тек адамның бет-әлпеті шығып тұратын жері “ойық” болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өңді жіппен “шалып” тігеді. Мұны “алқым шалу” деп атайды.

басында төбесіне құс қауырсыны қадалған сұлтан киетін бас киім болыпты» дейді (Шығармалар жинағы. I том, 326 б.). Қарқара кигенде әйелдер жаулықтың бір ұшын желке тұсына келтіре сәл шығарып қояды да, қалған бөлігін кимешектің сыртынан айналдырады, шашын көрсетпей жауып тұрарлықтай етіп орайды. Жаулықтың ұзындығына байланысты қарқараның биіктігі де әртүрлі болады.

Кимешек - қастерлі, ел арасынан үзілмей келе жатқан әйел адамның бас киімі. Кимешек ақ бұлдан тігіліп, жиегін астарлайды. Кимешектің иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын “шықшыт” дейді. Кимешекті жас ерекшелігіне сәйкес әшекейлейді. Егде әйелдердің кимешегінің әшекейі аздау, ою-кестесі жеңіл болады, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдердікі қызыл, жасылмен әшекейленеді. Кимешектің алдын “жақ” деп атайды. Оны қол кестесімен кестелейді. Кимешек-шылауышты жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, кемпірлер тартып киеді. “Кимешек кию, шылауыш тарту” деген сөздер арқылы бұл бас киім айқындалады. Кимешекті басқа сәйкестіріп пішіп тігеді. Кимешектің адамның арқасына түсер жері ұзыншақ келеді. Мұны “құйрықша” деп атайды. Адамның белінен төмен түсіп, шашты жауып тұратындықтан осылай аталғанға ұқсайды.

Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық болады. Тек адамның бет-әлпеті шығып тұратын жері “ойық” болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өңді жіппен “шалып” тігеді. Мұны “алқым шалу” деп атайды. Алқым шалудан кейінгі “жадағай” тігісті “су” деп атайды. Судан кейін “қиықшалап” тігеді. Қиықшадан кейін су “жүргізіп”, “құман бау” деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құман баудан соң “Күрең кесте” деп аталатын ою-өрнек салынып тігіледі. Күрең кестеден кейін “сағат бау” тігісі жүріледі. Сағат бау кей жерде “ағақ бау” деп те аталады. Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазып тұрғанға әсері болады. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң-тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни наным-сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді. Кимешектің Қазақстанда бұрама жаулық, иекше атаулары кездеседі.


Кестесіне қарай кимешек қызыл жақ, сары жақ, ақ жақ деп үшке бөлінеді. Ақ жақты қарт әжелер, қызыл жақты келіншектер, сары жақты жастар киеді. Кимешек кейде күміспен, тана, моншақтармен шеттіктеледі. Әр

тайпа мен рудың кимешектерінің пішімінде, түрінде және сырт көрінісінде өзіне тән ерекшеліктері болған.

Қазақта жас келіннің алғаш кимешегін кигізуге байланысты ғұрыптық әрекеттер өткізілетін. Күйеуге шыққан әйелдің бас киімі – кимешектің бөлшектері оның жасына орай біртіндеп өзгеріп отыратын. Некелескен кездегі бас киімнен кейін алғаш киілген кимешек ең сәнді болып есептелді. Жас келінге алғашқы кимешегін кигізу әйелдің қонақы асын беруімен бірге өтетін. Оны келіннің енесі ұйымдастырып, күйеу ауылының қарт әйелдері шақырылған. Олардың бірі жас келінге кимешек кигізіп, енесінен сый алатын.

Кимешектің, қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты, әр түрлі үлгілері болады. Кимешектің Қазақстанда *бұрама жаулық*, *иекше* атаулары кездеседі. Көне түрі - тігілмей пішілген мата кесегі, басқа тартылған *орама кимешекті* Ақмола қазақтары XX ғ. 20-30 жылдарына дейін киген. Келесі *бір түрі* матаның тұтас кесегінен пішіліп, бір жақ қырынан келетін жағынан бас сұғатын орын қалдырылып, бірақ тігіспен тігілетін болған түрі Омбы, Атбасарда, Әулиеата өңірінің теріскейінде және оңтүстіктегі қоңыраттарда сақталған. Солтүстік және Орталық Қазақстанда кимешектердің алдыңғы жағы трапеция немесе үшкірленіп пішіліп, жоғарғы бөлігінде бетке орын қалдырылған; арқа жағы дұрыс ромба түрінде келеді де, құйырығы тізеге, тіпті өкшеге дейін түсетін болған. Шығыс Қазақстандағы кимешектер құйрық бөлігі қысқалау, алдыңғы жағы жоғарғы бұрыштары қиғаш келген төртбұрыш секілді болған; оның екі жағына квадратқа жақын түрдегі жақтаулар бекітіліп тігілген. Сырдария бойында бөлек бүрмелі кимешек түрі болған, оның алдыңғы жағы тура бұрышталып пішілген; төменгі ұзын жағы кеудеге түсіп, ал жоғары жағы бүктеліп, бетті екі жағынан қоршап тұру үшін басқа байлап бекітіліп қоятын болған. Оңтүстік қазақ әйелдерінде кеңінен тараған кимешек түрі ұзынынан екіге бүктеліп пішілген мата кесегінен жасалатын болған. Көп тараған түрі “мұнара тектес болған”. Ол үшін бүкіл мата біртіндеп басқа оралып, ұштары орам арасына кіргізіледі немесе желке жақтан түйіледі (Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. *Казахская национальная одежда: XIX - нач. XX в. - Алма-Ата: Наука, 1964. - С.115-122*).

Жаулық әр ру, елде түрліше аталған: оңтүстік, орталық, шығыс Қазақстанда оны көбінесе (матаның көлеміне байланысты) *шаршы*, Жетісу, Алтай өңірлерінде *шылауыш*, ал оңтүстік Қазақстанда *күндік* деп аталады. Рудың өзіне тән ерекшеліктері болған: Маңғыстауда матаны қабат ұзын тіліктен тігілген бұрама жаулық кесе, Семей-






де үшбұрышты, шеттері тым созыңқы орамал тәрізді етіп *үшбұрыш* түрі болған. Арқа жерінде жоғары және төмен деп аталатын *қос жаулық* тартқан. Шылауыштың шетіне қол кестемен қызыл, жасыл, сары, шолақ және жалғасқан қысқа оюларды салады. Маржан, түйреуішпен тағып, төбесіне шашақ төгіліп, кестеленген төбелдірік салады.

Бұрынғы Торғай облысы аумағындағы жас келіншектер XX ғасырдың басында **сұлама немесе сәукеле жаулық** киген, бұл жерде оның екінші атауы тегін берілмеген, себебі оның шығу тегі сәукелеге байланысты. Оның негізін бірнеше қабат қағаз немесе картоннан жасалған қатты каркас құраған (бұрындары тәрізі киізден болса керек). Түрі жоғарыдан қиылған конус сияқты, биіктігі жарты метрдей, қапталған матасының артқы шеті емін-еркін арқаға түсіп кетеді. XIX ғасырдың бірінші жартысында мұндай бас киім Бөкей ордасында да тараған, яғни жалпы Қазақстанның Солтүстік батысына тән киім үлгісі. Оның төменгі жағына оқалы кесте тігіп, моншақтар қадаған, ал жан-жағына күміс әшекейлер бекіткен. Орта жастағы әйелдер оны кеңірек әрі төменірек тігіп, әшекей тақпай киген. Қартамыс әйелдер үстіңгі жаулықты каркассız бұрайтын болған. XIX ғасырда әйелдер үшін міндетті киім түрі болған **жаулық** Орта Азия халықтарына да кеңінен тараған.

Әйел кимешегінің сыртынан тартатын **шұлауышты** ақ жібектен, ақ түсті шүберек матадан көлемін шаршы етіп алынған ақ матаның шетін қайырып шалып тігіп дайын-дайды. Матаны шаршылап маңдайын қатырма етіп, шашының үлкен бөлігін тұтас төбені жауып тұратындай есеппен екі шекесінен қыр шығарып жасайды. Қатырма салынған маңдайдан күмістен жасалған салпыншағы төгіліп тұрады. Шұлауыш шаршысының ұзын, қысқа болуы тұтынушының бойының ұзындығына байланысты. Шұлауышты басқа тартқанда шаршысының ұшы етіктің сірі өкшесіне тиіп тұруға тиісті. Шылауыштың шетіне қол кестемен қызыл, жасыл, сары, шолақ және жалғасқан қысқа оюларды салады. Оның бұрыштарына үшбұрыш және дөңгелек оюларды кестелеп немесе сырып әшекейлейді.



Шымкент облысы



Маңғыстау облысы



Таулы Алтай өңірі



Торғай өңірі



Шығыс Қазақстан
облысы



Ақтөбе облысы

Шылауыштың төбесінен шекеге таман үкінің сабағын орап маржанмен отырғызады. Жас келіншектер тарта-тын шұлауыштардың бұрышын кестелеп, төбесіне шашақ төгіліп, кестеленген төбелдірік те пайдаланады.

Шәлінің бүркеніш, жібек, оялы, торғын, шілтерлі деген түрлері және ою, өрнек гүл шоқтары сызылған әртүрлі бедерлі немесе шымқай қызыл күлгін т.б. өңділері де болады. Шәліні әйелдер өздеріне шаршылап, кейде үшбұрыштап әртүрлі үлгіде із салып, ақ немесе күлгін түсті ешкі түбітінен де тоқиды. *Қыстық жүн шәлілер* түбіт, түйе жүнінен үлпілдек етіліп тоқылған, басқадай да суық өтпейтін қалың, жылы маталардан жасалып, барлығының да шетіне шашақ төгіледі. Бедері барын жастар, бірыңғай, өңділерін орта жастан асқан ана, әжелер тұтынады. Шәлінің құны, сапасы мен қажеттілігі жағынан да салыға жетпейді.

Шаршы шыт – Шаршы шытты ертеректе ақ түсті (ақзу, ақторғын, атылас, шыншу т.б.) материалдардан жасап пайдаланатын болған. Мұндай шыттардың төртқұлағын кестелеп немесе қызыл, сары күлгін т.б. өңді шүберектерден үш бұрыш астырып, сырып әшекейлеп келді. Шаршы ақ шытты жіңішкелеп бүктеп жапсырылған екі бұрышын дәл ортасына келтіріп бүктеп қаттама арасына артық шығарып бүктейді де екі ұшын әркім өз басына сәйкес түйіп байлайды. Байлау оң жақ шекеге келеді де, ұшындағы үшбұрыш шүберек жапсырылған ұшы шығып тұрады. (Халел. Н. Ұлттық мирас)

Орамал (парсы, араб. румал) – Ерте кезде кестелеп жасалған қол орамалды қыздар жігіттерге сыйлайтын болған. «Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды» дейтін халық мәтелі осыдан шыққан. Орамалдың басқа тартатын шаршы және қиықша түрлері де бар.

Сәукеле – қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдері аса бай, керемет сәнді бас киімдер ішіндегі ең әшекейлі, әрі күрделі, ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы ғұрыптық бас киім. Сәукелені Орта Азия мен Қазақстан-ды мекендеген үшкір тымақты сақтар – тиграхаудтардың бас киіміне ұқсатады. Сәукеленің биіктігі шамамен бір жарым, екі қарыстай болады. Сәукеленің негізін жұқа ақ



Жамбыл облысы



Қызылорда облысы



Жетісу өңірі



Қостанай облысы




Семей облысы



киізден сырып тігеді де, сыртын қызыл шұғамен тыстап, қымбат бағалы аң терісімен әдіптейді: алтын, күміс әшекейлер, моншақтар тағады; жоғары қарай жіңішке-ре түскен төбесіне үкі қадап, тірсекке түсетін асыл тасты, оқалы лента тігіп, бергегіне бетті көлегейлейтін желек бекітеді.

Сәукеленің негізгі бөліктері – *тәж, төбе, құлақ бау және артқы бау*. Сәукеленің төбесі қиықтанып келеді. Оның төбесінде *тәж* деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Сәукеленің екі самайдан түсіп тұратын інжу, маржаннан жасаған шашақталған төгілме моншақ, салпыншақ *шекелік* немесе *жақтама* аталады. Ол барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп-өнсін деген игі тілекпен жасалған. Екі жақ самай тұсына бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды *сәукеленің бетмоншағы* деп атайды. (“Бетмоншағы түсіп (үзіліп) тұр” дегендегі бетмоншақ). Сәукеле бастан қисайып немесе түсіп кетпеу үшін тамақтан өткізетін бау тағылады. Екі құлақ тұсына омырауға жететін *құлақша* тоқылады. Сәукеленің арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржаннан *салпыншақ пен жақтауы* және белге дейін түсіп тұратын *артқы құлағы* болады. Сәукеленің төбесіне жібектен *желек* салынып, оған үкі (қарқара) қадалады. Ту сыртынан жерге жететіндей *ақ желең* немесе *ақ жібек жаулығы* тағылады.

Жаңа түскен келінге беташар айтылып, үлкендер тілек-батасын берген соң сәукелесінің сыртынан жабылған жамылғысы – *бүркемесі* (*ақ бүркеншігі*) қамшымен сабымен түріліп, беті салтанатты түрде ашылған соң ол алынып, оны желекпен




алмастыратындығы белгілі. Ақ бүркеншек алғаш түскен келінді тіл мен көз сұғынан сақтайды, әрі ақ болуы-адалдық, тазалықтың белгісі, ибалықтың нышаны санайды. Жаңадан қауымға мүше болған жанның өз қауымы мен жаңадан мүше болып келіп жатқан қауымның арасындағы өтпелі кезеңді белгілейтін сәтте қолданылатын зат.

Қазақ халқының қолынан міне, осындай сан түрлі киім үлгілері жасалып шыққан. Әсіресе, ұлт өмірінде әйел затына арналған киімдердің ерекше рөлі болғаны анық. Себебі, әйел затына ерекше құрметпен қарау дәстүрлі мәдениетіміздің ерекше көрінісі екені күмәнсіз. Халқымыз қыз баланың әсемдігін денесін жалаңаштау арқылы емес, мың құлпырған бояуы қанық, келісті де көрікті киімдері арқылы көрсетуді жөн көрген.

Осы ретте Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұйымдастырып отырған іс-шараның да мәні аса жоғары деп есептеймін. Бұл байқау тек шарият бойынша киінудің мәселесін ғана емес, ұлттық нақыштағы киімдерімізді денасихаттаудың тиімді жолы. Көшелерде, түрлі қоғамдық орындарда әрі заманымызға сай, әрі қазақы, әрі мұсылмандық канондарға сай киінген қыз-келіншектер көбейсе, ұлттық мәдениетіміз де өркен жая бастайтыны даусыз. Әрине, бір ғана байқаумен бүкіл мәселе бірден шешіле қоймас. Бірақ осы іс-шараны әрі қарай іліп әкетіп, дәстүрлі түрде жыл сайын өткізудің жолдарын қарастырса құба-құп. Сөз соңында, елімізге тілерім ұлттық мәдениетіміз жаңғыра берсін, ұлдарымыз салмақты, қыздарымыз ибалы болсын! Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!







Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. А. Қазақ халқының қол өнері. - Алматы, 1987.
2. Басенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре, Алматы. 1957.
3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. -Алматы: Жазушы, 1992.
4. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX - нач. XX в. - Алма-Ата: Наука, 1964.
5. Қазақстан сәндік өнері. – Алматы, 2002.
6. Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. т. 1. Альбом - Алма - Ата, 1986.
7. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. [Альбом. Вступит. Ст. Н.А.Оразбаевой], Алматы. 1970.
8. Раимханова Г.Н. Ата кәсіп (Этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақстан, 2001.
9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы (серия) Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі // иллюстрацияланған ғылыми каталог// Алматы: Өнер, 2009., 1-т. – 344 б. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі – Нұрсан Әлімбай;
10. Қазақ халқының ұлттық киімдері / Құрастырған Б. Хиняйт., А. Сужикова. – Алматы, Алматыкітап, 2011. – 384 б.






**Көрнекті мәдениет және өнер қайраткері,
мемлекеттік сыйлықтың иегері
АСАНӘЛІ ӘШІМҰЛЫ ӘШІМОВ**

Қазақ деген өнерлі де дарынды халық қой. Тіпті оның күнделікті өмірде тұтынған әрбір бұйымы бүгінде мұражайға қоярлықтай экспонат деңгейінде десем, қателеспесім анық. Сол секілді ұлтымызға тән киім үлгілері де ғажап. Өзіме қазақтың әрбір ұлттық киімі жасандылықтан ада, табиғи дүние секілді болып көрінеді. Бұл қазақтың табиғат сырларын терең ұғынғанынан шығар. «Қыз Жібек» фильмінде ойнағанда, ұлттық киімде жүріп-тұру дегеннің не екенін әбден түсіндік қой. Киноға түсіп жатқанда айналымыздың бәрі ұлттық киімдер болды. Сол кезде Бекежанның рөлін сомдап жүріп өзімді нағыз қазақ сезінгенім әлі есімде. Енді міне, қазақтың рухани қара шаңырағы – Діни басқармасы игі бастаманы қолға алып отыр екен. Бұл іс-шара ойдағыдай өтсе, мұсылмандығымыздың талабы орындалумен бірге қазақтығымыз бір жаңғырып қалар еді деп ойлаймын.



**ҚР Халық әртісі, мемлекеттік
сыйлықтың иегері, әнші-сазгер
ЕСКЕНДІР ӨТЕГЕНҰЛЫ ХАСАНҒАЛИЕВ**

Біз енді бұрынғылардың көзін көрген ескінің адамымыз ғой. Бала кезімізде ұлттық киімді көп көріп өстік. Одан бері халқымыз талай нәрсені басынан кешті ғой. Бірталай мәдени, рухани, ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалғанымыз да белгілі. Әсіресе, қазақтығымыздың анық белгісі ұлттық киімдеріміз десек, сол қазынамыз келмеске кеткен шығар деп жүр едік. Әбсаттар қажы Дербісәлі басқарып отырған қазақ мұсылмандарының орталығы мынадай тамаша іс-шараны бастап бір қуанып тастады. Осыған қарап, үкілі үмітіміз қайта жанғандай болды. Себебі, ұлттық оюларымыз, қазақы нақыштарымыз бедерленген киімдер күнделікті қолданысқа түссе, біздің жеке ұлт ретіндегі бет-бейнеміз айдай әлемге паш етілмей ме? Осы шараны ұйымдастырып отырғандарға шын алғысымды білдіргім келеді.



**Халықаралық «Қазақ тілі»
қоғамының төрағасы, академик
ӨМІРЗАҚ АЙТБАЙҰЛЫ**

Қазақ – киім киюге немқұрайлы қарамаған халық. Ұлттық киімдеріміз сан ғасырлық рухани мәдениетіміздің ерекше бір түрі. Қазақтың тілі қандай бай, шұрайлы болса, киімдеріміз де талғам, сәні мен сапасы, пәлсапалық тереңдігі жағынан сондай жоғары деңгейде. Ұлттық нақыштары бар киім үлгілерін тігуден байқау жарияланыпты дегенде, қазақтың бір ұлттық құндылығы қайта тірілетін болыпты ғой деп ойладым. Ал енді шарият жағы дегенде, қазақ халқы еш уақытта жалаңаш денесін жұртқа көрсетіп жүрмеген. Бірақ сонымен бірге ешқашан бетін тұмшалап, тек көзін ғана ашық қалдырып, қалған жеріне қап-қара киім де кимеген. Олай болса, түр-түс, үйлесім, табиғатпен біте қайнасу қайда қалмақ, сонда? Ислам дінінің өзінде де белгілі дене мүшелерін жауып жүру айтылғанмен, қап-қара киініп алсын деген жері жоқ. Сондықтан ашық түсті, қазақы әшекейлеріміз салынған киім үлгілерін жасап шығару келешегіміз үшін өте маңызды. Сондықтан бұл іс-шараны өз басым толық қолдаймын.



**«Президент және халық»
газетінің бас редакторы
МАРАТ БАЙДІЛДӘУЛЫ ТОҚАШБАЕВ**

Үйымдастырып отырған бұл іс-шараларды толық құптаймын. Керемет бастама. Қазір, жасыратыны жоқ, көшеден дене мүшелерін жалтыратып, ашықшашық киініп жүргендерді көргенде, іштей ренжиміз. Киерге дұрыс киім таппағаны ма деп қынжыламыз. Көз алдымызда қазақ қыздарының өз табиғи болмыстарын жоғалтып бара жатқанын көру, шынында да, ауыр. Міне, бұл бізді толғандырып жүрген мәселе болатын. Ал енді қыз-келіншектердің тал бойын әсем тігілген киімдермен жауып жүруіне жағдай жасалып жатса, оған неге қуанбасқа?! Сәттілік тілеймін. Әрі қарай да осы бас-таманы қолға алушылар көбейе берсе екен.





Әсем киім –

әйел көркі-2011



**БАЙҚАУЫНЫҢ
ҮЗДІК КИІМ
ҮЛГІЛЕРІ**





«ЕРКЕ-НҰР»

«Ерке-Нұр» кәсіпорнының президенті Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі, «үздік кәсіпкер әйел» **Фарида Мерхамитқызы**.

«Ерке-Нұр» кәсіпорны 1997 жылы шаңырақ көтерген. Негізгі бағыты ұлттық киім үлгілерінің негізінде өркениет талғамына сай қазіргі заманғы киім тігеді. Қазақстан жеңіл өнеркәсібінде өзінің ерекше бағыт-бағдарымен таныла бастаған «Ерке-Нұр» компаниясы қазақ халқының салт-дәстүрі мен қолөнер шеберлерінің ежелгі әдісін сақтай отырып ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған жаңа стильдегі жоғары сапалы киім, әртүрлі арнайы жұмыс киімдері мен сувенирлер шығарады.

«Ерке-Нұр» компаниясының осындай табыстары үкімет жағынан жоғары бағаланып, бірсыпыра марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың Республика тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай арнайы алғыс хатына, 2002 жылы Алматы қаласы әкімінің «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін» дипломына, 2005 жылы III дәрежелі, 2006 жылы II дәрежелі «Өнімнің жоғары сапасы үшін» дипломына ие болды. 2006 жылдан бастап «Ерке-Нұр» компаниясы Алматы қаласы білім департаментінің ұйғарымымен арнайы мектеп киімін тігетін алты кәсіпорынның бірі ретінде бекітілді.

Кәсіпорын жанында 2004 жылдан бері «Ерке-Нұр» сән театры жұмыс істеуде. Қазақтың ұлттық киімдері мен ұлттық киімдердің негізінде дүниеге келген бірнеше таңғажайып коллекциялары бар театр ұжымы және Қытай, Түркия, Германия, Швеция, Ресейде өткен байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Сондай-ақ, ел тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай Германия, Бельгия, Голландия, Америка елдерін аралап, қазақтың киім үлгілерін көрсетіп, зор құрметке ие болды.



ФАРИДА
МЕРХАМИТҚЫЗЫ




Қазақстан халықтары Ассамблеямен тығыз байланыста жұмыс істеп келе жатқан «Ерке-Нұр» 2004 жылы 5-ші желтоқсанда Ассамблеямен бірлесіп Республика сарайында қазақ халқының және Қазақстан халықтарының ұлттық киім үлгілерінен алғаш рет қойылым жасап, көрермендер назарына ұсынды. Дүниежүзі Қазақтарының III Құрылтайы кезінде Елбасының иығына жабылған көк шапан да «Ерке-Нұрдың» әйгілі өнімдерінің бірі болатын.

2007 жылдан бастап қыз-келіншектерге арналған «Ерке-Нұр» деп аталатын республикалық әдби-танымдық сән журналы шығып келеді.

E-MAIL: ERKE-NUR@MAIL.RU



















ГҮЛЖАН РЫСБЕКОВА



1979 жылы 05 қарашада дүниеге келген.

2001 жылы Алматы мемлекеттік университетінің халықаралық қатынастар факультетін бітірген. Сол жылы Президенттік «Болашақ» бағдарламасының байқауынан өтіп, Нью-Йорк қаласының Columbia университетінің магистратурасына түскен.

2003 жылы оқуын бітіріп Қазақстанға оралады, мамандығы бойынша 6-7 жыл істейді.

2006 жылдың соңына таман өзінің өмірдегі бағытын қайта қарастыра бастайды. Ой-пікір алмасу нәтижесінде ол сән индустриясындағы жастайынан армандаған дизайнер мамандығына көп көңіл бөле бастайды.

2010 жылы осындай талпыныстар оны Лондон, Мәскеу және Шанхай қалалардағы сән мектептеріне әкелді. Кәсіпқой оқу-әдістемелік тәжірибие алып өзінің алғашқы коллекцияларын Гүлжан Ырыс атымен шығара бастайды. Ол өзінің келшектегі мақсаттарын былайша өрбітеді: «Әрқашан қазақтың ұлттық этникалық тақырыбы жаңа коллекцияларды шабыттандырады. Ойым – Қазақтың ерекше ұлттық стилін қазіргі заманғы сән саласына сәйкес етіп дүние жүзіне таныстырып шығару».

E-MAIL: GULZHAN171@MAIL.RU

















Ахметова Майра Әблақымқызы 1953 жылы дүниеге келген. Алматы қаласының тұрғыны. Мамандығы – архитектор-дизайнер. 1975 жылы Қазақ политехникалық институтын архитектор мамандығын тәмамдаған. 1989 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтының аспирантурасын бітірді.

Көптеген байқаулардың жүлдегері. Атап айтқанда, Қапшағай қаласының орталық мешітінің құрылыс жобасын жасауда жеңімпаз болып табылды. Пішіндеу және кескіндеу бойынша «Любакс» (Ресей) байқауында жүлдегер атанған.

E-MAIL: MAIRA_ARH@MAIL.RU



АХМЕТОВА МАЙРА



















АҚАТАЕВА ЗУЛЬФИЯ



1990 жылы Павлодар қаласында дүниеге келген. Дарынды балаларға арналған мектебін үздік бітірген. Коллекция атауы «Сан қырлы кәусар ханым».

«Сымбат» бизнес және сән академиясының студенті. «Мисс Павлодар 2011» сұлулық байқауының киім стилистің ассистенті болған.

Жетістіктері:

2006 жылы «Менің сүйікті қалам» байқауында 3-ші орынды иеленген.

2007 жылы «Өз қолыңмен бұйым әзірлеу» сайысында 1-ші орынды жеңіп алды.

E-MAIL: ZULFIYA_AKATAEVA@MAIL.RU









ҰЖЫМДЫҚ ЖҰМЫС

Негізгі ұсынушы жоба авторы:

Айша Кеңесбай

E-MAIL: AIKEN07@MAIL.RU

Дизайнер-тігіншілер:

Гүлдана Оразалиева

Гүлнара Мұратбекова

Гүлжазира Аманқызы

Киімдердің аты:

1. «Теңіз толқыны»
2. «Ханым»
3. «Таң нұры»



АЙША КЕҢЕСБАЙ



1951 жылы 1 маусымда Алматы облысы Нарынқол ауданы Қайнар селосында дүниеге келген.

«Алтын Арқау» мәдени-этнографиялық қоғамдық бірлестігінің төрайымы, ҚР Әділет Министрлігінің ұйғаруымен мұсылман әйелдері қазақша Бас киімі үлгісінің 9 патентіне жинақталған 40 түрлі өндірістік үлгісінің авторлық хұқығының иесі.

1988 – 1994ж. – Республикалық оқушылар сарайының «Қазына» халықтық педагогика орталығының жетекшісі, мәдени шаралардың режиссері.

1990 - 2001 ж. – Қазақстан мұсылман әйелдері қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырушысы және төрайымның орынбасары.

1991 – 1993 ж. – Мұсылман әйелдері қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Жетімді жылатпайық» атты тастанды балаларды қорғау жөніндегі кеңестің жетекшісі.

2005 ж. - Қазан қаласының 1000 жылдық тойына арналған «Мұсылман әйелдері бас киімінің заманауи үлгісі» атты көрме (Алматы)

2007 ж. – Халықаралық Азия көрмесі «Ақ кимешек» көрмесі. (Алматы)

2007 ж. – «Киім пірі – кимешек» («Сән-Салтанат» журналы).

2008 ж. – «Ұлттық киім–ұлттық идеяның алтын арқауы», « Қазақстанның ұлттық идеясы және БАҚ» журналы.

2009 ж. - «Киелі кимешек» (Дүние толқын газеті)

2011 ж. – 2011 жылдың мейрамы шеңберінде Алматы ауданының бастамасымен «Киелі кимешек» сән үлгісінің көрсетілімі «Астана» және «Арбат» алаңдарында өтті.

2011ж. - ҚР Президенттік мәдениет орталығы. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесіне арналған «Киелі кимешек» көрмесі.

E-MAIL : KIMESHEK@NURSAT.KZ



ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ
ҒАЛИЯ









Парманова Динара 1987 жылы туылған. Алматы қаласының тұрғыны. Қазіргі таңда «Selection» компаниясында студия дизайнері болып жұмыс істейді.

Астана қаласындағы Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің инженер-құрылыс факультетінің түлегі. Аталмыш жоғары орнын үздік бітірген, мамандығы –дизайнер.

Жетістіктері:

«Сити модлена», «Отблеск войн», «Rock Rose», «Весенней Бриз», «Воротники трансформер» коллекциясы бойынша байқауларға қатысқан.

2010 жылы (Мәскеу) Ногинск қаласында өткен «fashion textile city» атты халықаралық киім байқауына қатысып, 3-ші орынды иеленген.

2010 жылы ОҚО Шымкент қаласында өткен халықаралық «Біздің авангард» жас дизайнерлер мен модельерлердің байқауына қатысып кәсіби шеберлік көрсеткені үшін «үміт күттіруші кутюрье» жүлдесімен марапатталған.

2010 жылы «Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі, «Алтын күн» қоғамдық қордың ұйымдастырған «Новое десятилетие – новое тенденции» жас дизайнерлер байқауына қатысып марапатталған.

E-MAIL: WWW.DINARABLOOM@LIST.RU



ПАРМАНОВА ДИНАРА





1967 жылы 31 мамырда дүниеге келген.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерей тойы және Наурыз мерекесі қарсаңында Жамбыл облысы Тараз қаласында жаңа модельді «Ән-Нұр-Фат» ұлттық киім тігу шеберханасы ашылды. Жетекшісі Бизақова Фатима. Ол «Мұсылман діні- ұлттық айшықта» атты республикалық байқауға алғаш қатысып 3- жүлделі орынға ие болады.


Басты мақсаты: мұсылман дініндегі апа-сіңлілеріміз ата салтымызды сақтай отырып, қоғамдағы орнын табуға жол ашу болды. Тарихқа үңіліп, қазіргі заманауи киімдердің ұлттық ерекшелігімізге сай келмейтініне көңіл бөледі.

Ал қазір «Шариат шәлісі» деген мағынаны ұстанып келген ұлттық киімдерді күнделікті өмірге енгізу мақсатын жүзеге асыруда. Бұл туралы республикалық «Харизм» психологиялық-танымдық газетіне бірнеше мақала жариялап, халық мәдениетін жаңғырту бағытында, семинарлар жүргізеді.

E-MAIL: BIFATIMA67@MAIL.RU

**ФАТИМА
БИЗАКОВА**





1984 жыл 20 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Ақсуат ауданында дүниеге келген. 2004 жылы Семей қаласындағы Қазақ- қаржы экономикалық институтында «менеджмент» мамандығын бітіріп, қазіргі уақытта Семей мемлекеттік медицина университетінің «Әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасында «экономикалық теория негіздері» пәнінен экономика ғылымдарының магистрі, оқытушы болып қызмет атқарады.

Дизайн, киім үлгілерін жобалау жұмыстарымен айналысатын қызығушылығы бар, сол себепті мұсылман қыз-келіншектеріне өз өнерінің аз да болса септігі тисе екен деген мақсатпен осы байқауға қатысқан.

E-MAIL: RTA84@MAIL.RU



**РЫМБАЕВА
ТОҒЖАН**





1984 жылы 13 ақпанда дүниеге келген. Алматы технологиялық университетінің түлегі. Мамандығы - «Киімді көркемдік әшекейлеу және модельдеу».

Университет қабырғасында жүргенде «Все дело в шляпе» байқауына қатысып, бас жүлдені иеленген.

Ұлттық ою-өрнек тәсілдерін пайдалана отырып мұсылман әйелдеріне киім тігуді жаны сүйеді.

Ұлттық ою-өрнек тәсілдерін пайдалана отырып мұсылман әйелдеріне киім-кешектерді тігуді мақсат тұтады.

Матаның үстіне салған суреттері бар (батик техникасы).

E-MAIL: AISULU-INDRA@MAIL.RU



**БУРТУБАЕВА
ИНДИРА**





1971 жылы 20 шілдеде дүниеге келген.

1994-1999 жж. аралығында Алматы Технолгиялық Университетінің «Нан және кондитер өнімдерінің технологиясы» мамандығын аяқтаған.

2009 ж. мамандығын ауыстырып, Берік Смайловтың орталығында «Любокс» тәсілімен білім алып, осы аталған орталықтың практикасында болып, әр түрлі киімдердің конструкциясымен моделдеуі бойынша алдыңғы қатарлы білімі үшін диплом алған .

2009-2010 аралығында Қазақстан Қолөнер Палатасы мен Германияның Триер қаласының Қолөнер палатасы өткізген бәйгеде «Халық шебер» атағын алған.

2011 ж. «Академия Декоротивного искусства» батик технологиясы бойынша білім алып үздік аяқтаған.

E-MAIL: BUDUR_20@MAIL.RU



**ДОСЖАН
ГҮЛҚАЙША**





1988 жылы 14 наурызда дүниеге келген. Іс тігумен айналысуына әсер еткен адам - анасы. Анасының мамандығы – тігінші, ол жасында Орал қаласындағы Клара Цеткин атындағы фабрикада еңбек еткен. Өсе келе анасының ісіне қызығушылық танытып, өзі де тігіншілікті сүйікті ісіне айналдыра бастайды.

Қазіргі күні негізгі мамандығына сай қызмет етуде. Болашақтағы арманы, Аллаһ қаласа, – шарифат талаптарына сай бас киімдер, күнделікті киілетін киімдер, жұмыс киімдері мен спорттық стильдегі киім үлгілерін тігумен айналысу.

Осы күнге дейін әр түрлі стильдегі оюларды ойып, ұлттық нақыштағы сөмкелерді оюмен әшекейлеп, тігіп жүрген. «Әсем киім – әйел көркі» республикалық бәйге туралы естіген соң, оған қуана қатысады. Қазақы нақыштары бар, заман талабына сай, шарифат талаптары сақталған киім үлгілерінің бәйгесіне қатысуды үлкен қуаныш санайды!!!

E-MAIL: AIOK88@MAIL.RU



ДЖУМАГАЗИЕВА АРМАНГУЛЬ



НАЗГУЛ СЕМГАЛИЕВА

S_NAZKA@MAIL.RU





www.muftyat.kz

**ЖИНАҚҚА ЕНГЕН ТАРИХИ СУРЕТТЕР МЕН СЫЗБАЛАР ТӨМЕНДЕГІ
ДЕРЕККӨЗДЕРДЕН АЛЫНДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұражайының этнографиялық коллекциясы (серия) Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі // иллюстрацияланған ғылыми каталог// Алматы: Өнер, 2009., 1-т. – 344 б. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі – Нұрсан Әлімбай;

2. Қазақ халқының ұлттық киімдері / Құрастырған Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы, Алматыкітап, 2011. – 384 б.

Таралымы: 5000 дана

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ

Бас демеуші: "Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры"



Әсем киім – 2011

әйел көркі -

Бұл жинаққа қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін көрсететін киім үлгілерінің көне суреттері мен сызбалары, сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұйымдастырған «Әсем киім - әйел көркі - 2011» байқауына сәнгерлер мен сән үйлері ұсынған Ислам шариғатына сай, ұлттық нақыштармен әрленген заманауи үздік киім үлгілері енді. Сонымен қатар Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің, зиялы қауым өкілдері мен этнограф маманның киім кию жайлы келелі ой-тұжырымдары берілді. Мақсатымыз – шариғат талабына сай киінгісі келген қыз-келіншектерге ұлттық киім үлгілерін ұсыну, әрі сән шеберлерінің бұдан кейін де осы бағытта еңбек етулеріне ой салу.